

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданының аумағындағы жер участкесі тұстамасындағы Куликов бұлағының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 461 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 28 желтоқсанда № 8055 болып тіркелді

### З Қ А И - н ы ң                    е с к е р т п е с і .

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

#### 1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданының аумағындағы жер участкесі тұстамасындағы "Нивы Чапаево" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берілетін Куликов бұлағының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданының аумағындағы жер участкесі тұстамасындағы "Нивы Чапаево" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берілетін Куликов бұлағының су қорғау аймағы аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеуі аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Алтай ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы үәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырысын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он құн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауга жіберілуін;

3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроенеркесіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он құн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

"КЕЛЕСІЛДІ"

Қазақстан

Республикасы

Экология, геология  
министрлігі Су

және табиғи ресурстар  
ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды  
және қорғау жөніндегі Ертіс  
инспекциясы басшысының міндетін

реттеу  
бассейндік  
атқарушы

М.

Иманжанов

-----  
2020 жылғы "\_\_\_"

Шығыс Қазақстан

облысы әкімдігінің

2020 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 461 қаулысына қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданының аумағындағы жер участкесі тұстамасындағы "Нивы Чапаево" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне берілетін Куликов бұлағының су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі**

Су объектісі, оның участкесі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Карастырылып отырған тұстамадағы Куликов бұлағы	1,91	103,5	500	2,21	12,3	55

Ескертпе:

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК